

"Табиғи теріден жасалған киім заттары, киімге керек-жарақтар және өзге де бұйымдар" тауар позициясы бойынша тауарларды бақылау (идентификациялау) белгілерімен таңбалауды енгізу жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 31 тамыздағы № 519 қаулысы.

"Кеден одағына және Бірыңғай экономикалық кеңістікке мүше мемлекеттердің аумақтарында жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің жекелеген түрлерін таңбалау жүйесін әзірлеу туралы" Жоғарғы Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 10 қазандағы № 88 шешіміне сәйкес 2016 жылғы 29 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған "Табиғи теріден жасалған киім заттары, киімге керек-жарақтар және өзге де бұйымдар" тауар позициясы бойынша тауарларды бақылау (идентификациялау) белгілерімен таңбалауды енгізу жөніндегі пилоттық жобаны 2015 – 2016 жылдары іске асыру туралы келісімнің және 2017 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған, 2016 жылғы 23 қарашада Мәскеуде жасалған 2015 жылғы 8 қыркүйектегі "Табиғи теріден жасалған киім заттары, киімге керек-жарақтар және өзге де бұйымдар" тауар позициясы бойынша тауарларды бақылау (идентификациялау) белгілерімен таңбалауды енгізу жөніндегі пилоттық жобаны 2015 – 2016 жылдары іске асыру туралы келісімнің қолданылу мерзімін ұзарту жөніндегі хаттаманың орындалуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **қаулы етеді:**

1. Қазақстан Республикасының Қаржы, Инвестициялар және даму, Ақпарат және коммуникациялар, Ұлттық экономика министрліктері Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен және "Атамекен" Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасымен келісу бойынша " Табиғи теріден жасалған киім заттары, киімге керек-жарақтар және өзге де бұйымдар" тауар позициясы бойынша тауарларды бақылау (идентификациялау) белгілерімен таңбалауды енгізу жөніндегі пилоттық жобаны іске асыруды, оны 2017 – 2018 жылдары іске асыру тәртібін айқындау жөнінде шаралар қабылдау жолымен қамтамасыз етсін.

2. "Табиғи теріден жасалған киім заттары, киімге керек-жарақтар және өзге де бұйымдар" тауар позициясы бойынша тауарларды бақылау (идентификациялау) белгілерімен таңбалауды енгізу жөніндегі пилоттық жобаны 2015 – 2016 жылдары іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 23 қыркүйектегі № 539 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2016 ж., № 48, 307-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі	Б. Сағынтаев
---	--------------